



БҰЙРЫҚ

«15» 04 2025 ж./г.
Қонаев қаласы

ПРИКАЗ

№ П-232
город Конаев

«Оңалтуды басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттету туралы»

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы 176-V Заңының 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына, 15 бабының 3) тармақшасына, 89 бабының 2 тармағының 21) тармақшасына сәйкес және «Union products» ЖШС (БСН 150540012536) 2025 жылғы 28 қаңтардағы кредиторлардың хаттамасы негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ахат Сапарғалиевич Оспанбеков «Union products» ЖШС оңалтуды басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.
2. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Оңалтуды басқарушыны тағайындау туралы» 2024 жылғы 25 шілде № П-192 бұйрығының күші жойылсын.
3. Ахат Сапарғалиевич Оспанбеков жаңадан тағайындалған оңалтуды басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты берсін.
4. Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы (Б.М.Нұрғыдыр) осы бұйрықты оңалтуды басқарушы А.С.Оспанбековтың назарына жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.Ескентаевқа жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а.

А.Калиев

004032